

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық

№ 175

31.08.2023 ж.

**«Сенім» жәшігінің жұмысын
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 41- бабын, 43- бабын басшылыққа ала отырып БҰЙЫРАМЫН.

1. Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектепте 2023-2024 оқу жылында 1 және 2 оқу ғимараттарында «Сенім» жәшігі орнатылсын, сенім жәшігі құлыппен бекітіліп мөрленсін. (жауаптылар: мектеп-гимназия психологтары)
2. Мектептегі «Сенім» жәшігінің ұйымдастырылуы, сақталуы мектеп психологы И.М.Жумабековаға жүктелсін.
3. 2023 -2024 оқу жылында мектепте «Сенім» жәшігінің жұмысын ұйымдастыру бойынша арнайы комиссия мүшелері төмендегі тізім бойынша бекітілсін.
Қиқынбаев М.П. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Сейдалиева А.Б. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Дүйсенбек С. – мектеп социологы
Жумабекова И.М. – мектеп психологы
Нурмахамбетова Н.О. – мектеп психологы
4. Сенім жәшігіне түскен хаттар, өтініштер мектеп әкімшілігі жиналысында, сынып жетекшілерімен өтетін жиналыста қаралып талдау жасалсын және хаттама жазылып тіркелсін.
5. Сенім жәшігіне түскен хаттар, өтініштер иесіне міндетті түрде жауап беру және тиісті іс-шараларды ұйымдастыру мектеп психологтарына жүктелсін.
6. Сенім жәшігіне түскен хаттар, өтініштерді тіркеу сақтау және жауап беру хаттарын тіркеу мектеп психологы И.М.Жумабековаға жүктелсін.
7. Сенім жәшігіне түскен хаттар, өтініштерді алу танысу әр аптаның дүйсенбі күні арнайы комиссия мүшелерінің қатысумен орындалсын.
(жауаптылар: мектеп психологтары).
8. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Сейдалиеваға жүктелсін.

Н.Төреқұлов атындағы
№8 жалпы білім беретін мектеп директоры



Ж.А. Орынбаева

Ж.А.Орынбаева

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Бұйрық

№ 95

18.04.2024ж

Апталық өткізу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 28.08.2023ж. №180 қаулысымен бекітілген
мектеп Уставының талаптарын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп дефектологы
мен психологтарының жұмыстарын саралау, зерделеу мақсатында
22-26 сәуір 2024ж күндер аралығында «Психологиялық қызмет»
апталығы өткізілсін.
2. Апталықтың жұмыс жоспарын дайындау және орындау жауапкершілігі
мектеп дефектологы Г.Р.Дошжановаға, мектеп психологтары
И.М.Жұмабекова мен Н.О.Нұрмаханбетоваға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасау
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.И.Толаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Ж.А.Орынбаева Ж.А.Орынбаева

«Н.Төрекұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық

№ 244/1

13.09.2023ж.

Мектептік психологиялық-педагогикалық
қолдау қызметін құру туралы

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Н.Төрекұлов атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында
психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мына құрамда бекітілсін:

1. Н.И.Толаева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
2. Г.Р.Дошжанова - арнайы педагог
3. И.М.Жұмабекова, Н.О.Нұрмахамбетова - педагог-психолог
4. С.Ж.Дүйсенбек - әлеуметтік педагог
5. Г.Тобақабылова, Д.Ибрагимова, М.Серкебаева - сынып жетекшілері
6. Г.Таджиметова, М.Гуменюк - бастауыш сыныптар мұғалімдері

2. 2023-2024 оқу жылында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
ережесі дайындалып, бекітілсін (қосымша-1).

3. Мектепте құрылған ППҚ қызметінің жылдық жұмыс жоспары дайындалып
бекітілсін (қосымша-2).

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыстары талапқа сай
орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Н.И.Толаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасау директордың оқу
ісі жөніндегі орынбасары Н.И.Толаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Ж.А.Орынбаева

БҰЙРЫҚ

№ 197

31.08.2023 ж.

Үйде жеке оқитын және қамқорлыққа алынған балалардың тұрмыс тіршілігіне зерделеу мен тексеру жүргізу комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 49 – бабының 2 – тармағын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2023 – 2024 оқу жылы барысында Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектепте үйде жеке оқитын балалардың, қамқорлыққа алынған балалардың тұрмыс тіршілігіне зерделеу мен тексеру жүргізілсін.
2. Үйде жеке оқитын балалардың, қамқорлыққа алынған балалардың тұрмыс тіршілігіне зерделеу мен тексеру жүргізу кестесі дайындалып, бекітілісін.
(қазан – қараша, наурыз - сәуір)
3. Зерделеу мен тексеру жүргізу комиссиясы мына құрамда бекітілісін.
 - Мамбеталиева А.А. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
 - Сейдалиева А.Б. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 - Жумабекова И.М. – мектеп психологы
 - Нұрмағанбетова Н. О. – мектеп психологы
 - Дүйсенбек С.Ж. – әлеуметтік педагог
4. Арнайы құрылған комиссия зерделеу мен тексеруді тиісті параметрлер бойынша жүргізісін.
(жауапты: А.А.Мамбеталиева, А.Б.Сейдалиева)
5. Зерделеу мен тексерудің қорытындысы бойынша фото мәлімет дайындау әлеуметтік педагог С.Дүйсенбекке жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасау директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары А.Б.Сейдалиеваға жүктелсін.

Н.Төреқұлов атындағы
№8 жалпы білім беретін мектеп директоры

Ж.А.Орынбаева

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Бұйрық

№ 122

« » 31.08.2023ж

Психологиялық қызметтің құрамын
құру және бекіту туралы


Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылдың
1 ақпанындағы №15/01-01/1252 хаты негізінде «Орта білім беру
ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту
туралы» 25.08.2022ж №377 бұйрығын басшылыққа алып, кәмелетке
толмағандар арасында аутодеструктивті және бейәлеуметтік жүріс-
тұрыстардың алдын алу мақсатында
БҰЙЫРЫМЫН:

1. Мектепте кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті және
бейәлеуметтік жүріс-тұрыстардың алдын алу мақсатында қызмет көрсету
жұмыс тобы құрылсын.
Жұмабекова И – педагог – психолог
Нұрмахамбетова Н -педагог-психолог
Қиқынбаев М–мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Сейдалиева А – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Дүйсенбек С – әлеуметтік педагог
Сыздықбаева С – қосымша білім беру педагогі
Искакова А –мектеп медбикесі
Макашева А –мектеп медбикесі
2. Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру
және кәмелетке толмағандар арасындағы аутодеструктивті және
аутоагрессивті мінез-құлықты оқиғаларды болдырмау және алдын алу
мақсатында осы құрылған топ мүшелері бірлесе жұмыс жүргізу
ұйымдастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары А.Б Сейдалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Ж.А.Орынбаева



Бұйрық

31.08.2023 ж.

№ 44/6

Қызметтік міндеттерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 51-бабын, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығын негізге ала отырып БҰЙЫРАМЫН:

«Н.Төреқұлов атындағы № 8 жалпы орта мектеп» психологы Нұрмаханбетова Н
(орыс бөлімі бойынша)

Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) психикалық, соматикалық және әлеуметтік қалпын сақтауға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырады. Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға сәйкес адамдардың құқықтарын қорғауға көмектеседі. Мекеменің әлеуметтік саласын үйлестіруге ықпал етеді және әлеуметтік бейімсізденудің пайда болуының алдын алу шараларын жүзеге асырады. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің дамуына кедергі келтіретін себептерді анықтайды, түрлі психологиялық көмек көрсету шараларын (психологиялық түзету, кеңес беру, үйренуге бейімдеу) жүргізеді. Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, ата-аналарға (оларды алмастырушы тұлғаларға), педагогикалық ұжымға нақты проблемаларды шешуге көмек көрсетеді. Әртүрлі бейіндегі, бағыттағы психологиялық диагностиканы жүргізеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тұлғалық және әлеуметтік даму проблемаларына педагогикалық ұжымды, ата-аналарды бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психо- педагогикалық қорытынды жасайды. Бекітілген нысан бойынша құжаттарды жүргізеді және бағыт бойынша пайдаланады. Білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беруде дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады, дарынды білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылығының дамуына психологиялық қолдау көрсетеді. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің дамуындағы психологиялық-физиологиялық ауытқушылық деңгейін анықтайды, психологиялық-педагогикалық түзетуді жүргізеді. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлер мен ата-аналардың (оларды алмастырушы тұлғалардың) әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша кеңес береді. Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің, сондай-ақ ата-аналар жиналысын, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру бағдарламаларымен көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жұмыстарына қатысады. Өзінің кәсіби құзыреттілігін арттырады. Білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз етеді. Еңбек, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы ережелер мен нормаларды орындайды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда сыныптар жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, оқушыларға, ата-аналарға педагогикалық -психологиялық қолдау көрсетеді. Кеңес береді. Оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен және мектеп

қызметкерлерімен жеке жұмыстар жүргізеді. Мұғалімдер мен ата-аналарға баланы оқыту мен тәрбиелесу барысында кездесетін мәселелерді шешуге кеңестер береді. Педагогикалық ұжымға, ата-аналарға бағыт беру мақсатында оқушылардың жеке және әлеуметтік даму мәселелеріндегі зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды. Оқушылардың жеке және жас ерекшелігін ескере отырып, білім беру қызметінің бағдарламасына сәйкес жұмыстарды жоспарлауға, әзірлеуге және дамыту, түзету сабақтарын өткізуге қатысады. Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің құрамына кіреді, балалар мен олардың ата-аналарына уақытында тиімді психологиялық қызмет көрсету мәселесінде әлеуметтік-психологиялық қызмет мүшелерімен ынтымақтастықты жүзеге асырады. Мемлекеттік бағдарламаларды және ведомствоаралық жоспарларды іске асыруда психологиялық қолдау көрсетеді. Психологиялық даму деңгейі төмен оқушыларды анықтап, оларға психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүргізеді. Әлеуметтік бейімделудің алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асырады; оқушылардың тұлғасын дамытуға кедергі болатын факторларды анықтап, психологиялық көмектің әртүрлі шараларын қолданады. Оқушылардың оқытудың жаңа жағдайына бейімделуі (адаптация) бойынша жүргізілетін қадағалау мен бақылау жұмыстарына қатысады. Психологиялық ғылымдарды тәжірибелік жағынан қолдану мәселесі бойынша педагогтарға кеңес береді, педагогтар мен ата-аналардың әлеуметтік - психологиялық біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасайды. Бекітілген үлгі бойынша құжаттарды жүргізеді. №1,2 ғимараттарда «Сенім» жәшігін, жәшігін қойып, апта сайын хаттар мен ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізеді. «Сырласу» клубының жұмысын жүргізеді. «БЕС ТЕРЕК» бағдарламасы бойынша нәтижеге бағытталған жұмыстарды жүргізеді. Сыныптар мен топтарда оқушылармен, тәрбиеленушілермен жоспар бойынша тренингтер жүргізіп, әрбір балаға психологиялық картотека және мінездеме дайындайды. Мектепшілік бақылауға қатысады. Оқушылардың білім сапасын анықтайтын 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, 2021 жылғы 5 тамыздағы ҚР ДСМ №76 бұйрығын, ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі 130 бұйрығын басшылыққа алып, іс-шараларға дайындығы және тапсыруы кезінде психологиялық қолдау көрсетеді. Өзгермелі әлеуметте балалардың өз орнын табуы мен бәсекеге қабілетте болуы үшін өз бойларындағы ерекшеліктерін аша білуге көмектеседі. Мектеп социологымен, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарларымен, фельдшермен, мектеп инспекторымен тығыз әріптестік қарым - қатынаста жұмыстар жүргізеді. Әлеуметтік картаға енген отбасы балаларымен, тәртібіне байланысты есепте тұратын балалармен, үйде жеке оқитын балалармен жұмыстар жүргізеді. Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын күнделікті қадағаланды. Мектептегі, сыныптардағы ата-аналар жиналыстарына қатысып психологиялық қызмет бойынша ақпарат береді. Оқушыларды 1 сыныпқа қабылдау процесіне қатысады. Білім сайыстарына, олимпиадаларға, өнер байқауларына қатысатын оқушыларға, мектеп қызметкерлеріне психологиялық қолдау көрсетеді. Мектеп-гимназияда құрылатын комиссия құрамына енеді. Оқу жылы барысында «Психологиялық қызмет» апталығын өтеді. Пән бойынша өтетін шығармашылық семинарларға қатысады. Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ -нің педагогика-психология кафедрасы қызметкерлерімен әріптестік байланыста болады. Өз білімін үнемі жетілдіріп отырады. Өзінің қызметтік міндетін орындауда тиісті мейірмен әріптестік байланыста

болады. Қазақстанның саналы азаматы ретінде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Психологиялық қызмет кабинетінің жұмысын сапалы үйлестіреді Қызметіне сай киім үлгісінде жүруге міндетті.

Мектеп директорының нұсқауларын орындайды.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», Қазақстан Республикасының еңбек кодексін, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексін, «Неке және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасында жасына байланысты және асыраушысынан айырылуына байланысты, мүгедектігіне байланысты мемлекеттік жәрдемақы туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико - педагогикалық түзеуді қолдау», «Кәмелетке толмағандардың арасында тәртіп бұзудың және қараусыз қалмаудың алдын алу заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауларын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Облыстың орта білім беру ұғымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы облыс әкімінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі №111 қаулысын, білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді; педагогика және психология, тұлғалық психология мен сараланған психология, бала психологиясы мен жас сәйкешелігі психологиясын; әлеуметтік психология мен медициналық психологияның негіздерін бала нейропсихологиясын, патопсихологияны, психосоматиканы; дефектология, психотерапия, сексология, психогигиена, кәсіби бағдарлау, еңбек психологиясының, психодиагностиканың, психологиялық кеңес беру мен психопрофилактиканың негіздерін, белсенді оқытудың, қарым-қатынастың әлеуметтік - психологиялық тренингтің әдістерін, және топтық кәсіби консультацияның, диагностиканың және баланы дамытудың дұрыс және аномальды түзетуінің қазіргі Қазақстан халқына жолдауларын, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың әдістерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитарлық және өртке қарсы күрес нормалары мен ережелерін білуі тиіс.

Мектеп Уставы мен ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтайды.

Н.Төркүлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп директоры



Handwritten signature

Ж.А.Орынбаева

Танымал: [Handwritten signature]